



БІЛІМ КІЛТІ - КЛЮЧ ЗНАНИЙ

№3 (141), 2020

Наурыз
Март

2011 жылдан бастап ай сайын шығады — С 2011 года выходит ежемесячно

Журнал 2006 жылдың қаңтар-ақпан айынан бастап қазақ және орыс тілдерінде шыға бастады. Журнал издается с января-февраля 2006 года на казахском и русском языках

(Республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журнал
Республиканский научно-методический педагогический журнал)

МАЗМҰНЫ - СОДЕРЖАНИЕ

Ұстаз – Ана.....	3
К. Ахмалиева	
Бірлігі жарасқан Лабай мектебі.....	5
А. Бектасова	
Lesson Study: Математика сабақтарында басым интеллект типі бойынша дифференциацияны ұйымдастыру оқушылардың жаңа материалды меңгеру сапасына қалай ықпал етеді?	9
Т. Жұмашева	
Білім беру саласы – жаңа жүйе көшінде.....	13
А. Пернебекова	
XV-XVII ғасырдың I ширегіндегі қазақ халқының тарихы мен мәдениеті.....	15
Ғ. Есболай	
Бастауыш сыныпта орындалатын тапсырмалардың мазмұндық негіздері..	19
Н. Шеңгельбаева	
Сабақта ойын технологияларын қолдану жолдары	21
Д. Калибекулы	
Организационно-правовые основы управления сельским хозяйством в Республике Казахстан	23
Н. Попова	
Поэты и писатели о природе. И. Никитин. «Встреча зимы»	28
А. Касимова	
М. Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы. Ашу түбі – кейіс.....	32
А. Суликанова	
Өсімдік тұқымы қалай таралады?	36
С. Калмағамбетова	
5 саны мен цифры.....	41
А. Бекниязова. Виды одежды.....	45
Г. Қамбарова, А. Абпазова	
The princess and prince	51

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
«Педагог LTD» ЖШС

Редактор:
Гүлжанат ҚҰСТАНОВА

**БІЛІМ КІЛТІ -
КЛЮЧ ЗНАНИЙ**
журналы

20.05.2010 ж. ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде қайта тіркеліп, №10965-Ж куәлігі берілді.

Басуға қол қойылды
05.03.2020 ж.
Офсеттік басылым.
Таралымы: 1000.
Тапсырысы: 322.
Басылым индексі: 75488

Редакцияның мекен-жайы:
050036, Алматы қаласы,
Мамыр-2 ы/а, 13-7.
Тел/факс: 8 (727) 255-72-94.
Ұялы тел: 8 777 194 94 58,
8 777 303 37 67.
Эл. пошта:
pedagog-ltd@mail.ru

Журнал «Rado Print»
баспаханасында басылды.
Алматы қ., Мыңбаев көш., 46,
кеңсе 411А

Көркемдеуші және беттеуші:
Нұрзат Раймқұлова

Редакциялық алқа: Редакционная коллегия:

Н. Омашев — ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі, Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор.

С. Аманжолов — педагогика ғылымдарының докторы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, А.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің педагогика факультетінің деканы.

Ә. Дүйсебек — Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ Білім академиясының вице-президенті.

А. Миразова — ҚР Білім беру ісінің үздігі, Қазақстанның Еңбек ері.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Материалдарды компьютерде Times New Roman қарпімен теріп, көлемі 2 беттен аспайтын Microsoft Word файлы ретінде сақтаңыз. Мақала соңында автор туралы толық әрі нақты мәлімет болуы керек. Аты-жөніңізді толық жазыңыз (Мысалы, М.Т., К.С. емес). Мақалаңызға қосымша журналға жазылғандығыңыз жөніндегі **түбіртек көшірмесін** салғаныңыз жөн. Түбіртектің түпнұсқасы өзіңізде қалсын. Ол журналды уақытысында алмаған жағдайда байланыс бөлімшесіне барып, талап етулеріңізге керек болады. Мақаланы мүмкіндігінше Интернет арқылы электронды поштаға (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru) жіберіңіз. Болмаса, факс арқылы, бағалы хат арқылы редакция мекен-жайына жіберулеріңізге болады.

ОБРАТИТЕ ВНИМАНИЕ!

Представляемые материалы должны быть напечатаны на компьютере и сохранены в формате программы Microsoft Word. Объем не более 2-х страниц. Сведения об авторе должны быть точными и полными. Фотографии высылайте отдельными файлами в формате JPEG, TIFF, не вставляя в текст статьи. К высылаемому материалу приложить копию квитанции о подписке на журнал. Материалы отправляйте электронной почтой (pedagog-ltd@mail.ru, aknur@mail.ru), факсом или заказным письмом.

Учредитель:

ООО «Педагог LTD»

Главный редактор: Г. КУСТАНОВА
Журнал перерегистрирован в Министерстве
связи и информации РК. Свидетельство
№10965-Ж от 20.05.2010 г. Астана.

Подписано в печать 05.03.2020 г.

Печать офсетная.

Тираж 1000 экз.

Заказ 322.

Подписной индекс: 75488

Адрес редакции:

050036, г. Алматы,

Мкр. Мамыр-2, 13-7.

Тел./факс: 8 (727) 255-72-94;

сот.т.: 8 777 1949458,

8 777 3033767

Эл. почта: pedagog-ltd@mail.ru

Журнал напечатан в типографии

«Rado Print».

Адрес: г. Алматы, ул. Мынбаева, 46, оф. 411А



Жарияланған материалдар редакцияның пікірін білдірмейді. Фактілер мен мәліметтердің дұрыстығына авторлар жауапты. Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Журналға шыққан материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға болмайды.

Опубликованные материалы не отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность фактов и сведений в публикациях несут авторы. Рукописи и фотоснимки не рецензируются и не возвращаются. Перепечатка материалов, опубликованных в журнале допускаются только с согласия редакции.





Ұстаз – Ана



Балауса шақтан ұстаз болуды армандаған **Күнсұлу Ыдырысқызы АХМАЛИЕВА** 1960 жылдың 10 наурызында сол кездегі Гурьев облысы, Теңіз ауданы, Сүйіндік селолық советіне қарасты Кәршенкі елді мекенінде жұмысшы отбасында дүниеге келген. Әкесі Ыдырыс Ұлы Отан соғысының ардагері, өмірінің соңына дейін жылқышы болып, мал шаруашылығының өркендеуіне өз үлесін қосқан адам. Анасы тыл ардагері, 7 баланы өсіріп тәрбиелеген аяулы жан болатын...

1967 жылдың 1 қыркүйегінде Сүйіндік орта мектебінің табалдырығын аттаған Күнсұлу мектеп кезеңінде қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, сабағын жақсы оқиды. 1977 жылы маусым айында онжылдықты бітіріп, ата-анасының қасында еңбек етеді. Асыл арманы – ұстаз болу болғандықтан, ата-анасының ақ батасын алып, 1978 жылы Гурьев педагогикалық институтының ПИМНО факультетіне студент болып қабылданады. 1982 жылы Гурьев педагогикалық институтын бітірген жас маман шалғай жатқан Сүйіндік орта мектебінде бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек жолын бастайды. Сол мектепте 1975, 1978, 1982, 1986 жылы туылған шәкірттерді сауаттылыққа үйретіп, білім нәрімен сусындатуға өз үлесін қосады. Сол кездегі «Озат класс жетекшісі», «Үздік ашық сабақ» аудан марапаттарымен ұстаздық еңбегі еленіп отырады. 1995 жылдың 1 қыркүйегінен бастап Сүйіндік орта мектебінде мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары болып, оқушыларға патриоттық бағытта тәрбие беруге жұмыс жүргізеді. Аудандық білім беру бөлімінің басшылығымен



2001 жылы шілде айында Ш. Тұржанов негізгі мектебінің директоры болып тағайындалып, мектептің материалдық базасының деңгейін көтеруге, кадрдың тұрақтануына қолынан келгенше жұмыс жасайды. Елбасы тапсырмасы бойынша 2019 жылдың қаңтар айында 80 орындық материалдық толықтай жабдықталған жаңа мектеп іске қосылды. Мектеп түлектері жыл сайын грант иегерлері атануда. Осы жұмыстардың нәтижесі ескеріліп, түрлі марапат иегері атанып отыр. 2016 жылы Аудандық білім беру бөлімінің «Үздік шағын жинақты мектеп басшысы» Алғыс хатымен, Тәуелсіздігіміздің 26 жылдығына Аудан әкімінің Алғыс хатымен, 2017 жылы Атырау облысы білім беру басқармасының «Құрмет грамотасымен», 2018 жылы «Білім шыңы - ғылым сыры» журналында «Қазақ елінің үздік ұстазы» атты мақтау қағазымен, 2018 жылы наурыз айында Аудан әкімінің «Алғыс хатымен», 2018 жылы Астана қаласы Бастауыш сынып оқушыларына арналған олимпиада орталығының «Алғыс хатымен» және Құрманғазы ауданы әкімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталған. Өткен жылы Атырау облысы ауыл әйелдерінің форумына Құрманғазы ауданынан делегат болып қатысып, «Үздік

ауылдық мектеп басшысы» номинациясымен марапатталды. Нұр-Сұлтан қаласында өткен Республикалық әйелдер форумына да қатысып, Білім және ғылым министрінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Ұстаздық еткен жалықпас,

Үйретуден балаға, - дегендей 38 жыл ұстаздық еңбек жолында жасаған жұмыстары бала тәрбиесінің, білім сапасының жақсаруына қосқан үлесі зор екендігінің айқын дәлелі. Қырандай биікке ұмтылған шәкірттердің өмірден биік белестерді бағындыруына негіз болатын – мектепте берілген сапалы білім. Мектептің абыройы, ұстаздардың беделі, тұрмыстық мұқтажы, жанұя жағдайлары, қат-қабат тіршілікте жиі кездесетін қуанышы мен қиындық жағдайлары әрқашан назарында жүретін басшы ұжым мүшелеріне қиын кезде қолдау көрсетіп, бақытты, қуанышты сәттерді бірге бөлісіп, бірге қуанады. Қаланың қайнаған тірлігінен алыс жатқан ауыл тұрғындарының ынтымақтаса атқарар жұмыстарының бастаушысы болуға талпынып жүрген Күнсұлу апай басшылық қызметті адамға биіктеу үшін берілген тақ емес, өзгелердің болашағы үшін берілген бақ, жауапкершілігі мол



міндет деп түсінеді. Қарапайым қадам, қарапайым тыныс, қарапайым өмір сатысымен өзін өрлеткен, айналаға танытқан өз ауылына, туған топырағына деген шынайы алғыс сезімі, перзенттік борышының бөлшегі санайды.

Адам – өз өмірінің сәулетшісі. Даралар да, даналар да қонақ болып өтетін мына дүниеде әркім

өз соқпағын өзі салады, оның мәнді де, сәнді, мағыналы да, мазмұнды болуы сол өмір иесінің қарымы мен қасиетіне байланысты болады.

Ұлағатты ұстаз ғана емес, аяулы жар, асыл ана бола білген Күнсұлу апай жолдасы екеуі 3 ұл тәрбиелеп өсіріп, 3 келін түсіріп, бұл күнде 9 немере сүйіп отырған ата-әже, бақытты отбасы.



Бірлігі жарасқан Лабай мектебі

Қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаев «Қазақтың тағдыры, келешегі мол ел болуы да мектептің қандай негізге құрылуына тіреледі. Мектебімізді сау, берік, һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегімізге тайынбай серттесуге болады. Ал сондай негізге құра алмасақ, келешегіміз күңгірт», - деп артына ізгілікті ой қалдырған. Мектептің жаңашылдығы, заман талабына ілесуі – дұрыс басқару жұмысының жүйелілігіне байланысты. ХХІ ғасыр білімді, шығармашыл жастар ғасыры. Ұлтымыздың болашағы – қазіргі жас буын, оларға берілер тәрбие мен білімнің үйлесімінде.

Жас ұрпақтың білім теңізінде қорқынышсыз құлаш сермеуіне мектеп қабырғасында жинақталған білімі негіз бола алады. Шығармашыл ұстаз бен шығармашыл шәкірттің бірлесе жұмыс жасауына, педагогикалық ұжымда серпінді жұмысқа жағдай жасау, жағымды психологиялық ахуал туғызу – мектеп





басшысының негізгі міндеті. Мен, АХМАЛИЕВА Күнсұлу Ыдырысқызы, бала кезімнен ұстаз болуды армандап, 1982 жылы Гурьев педагогикалық институтын бітіріп, жас маман болып шалғай жатқан Сүйіндік орта мектебіне бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек жолымды бастадым. Ауыл тұрмысындағы қазақ әйелінің басында кездесер қиындықтарды жеңе жүріп, ұстаздық қызметтің қиын сүрлеуінен өзімді алып шығар жолын таңдадым. Құдыретті табиғат адами қасиеттерін мол дарытқан, саналы ғұмырымның 37 жылын ұлы ұстаздық қызметке арнасам, 24 жылын басшылық қызметті

қатарластыра өткізіппін. Ауыл тұрмысындағы әйел-ана үшін бұл аз жүк емес. Мектепке де, өз отбасымда да болашақ үшін жауапты болдым. Қасиетті ұстаздық қызметті атқаруда адалдық деген ұлы жолдан аттамаған, әділ де турашыл, қамқор да талапшыл, іскер де білімді басшылар қатарынан көрінуге жұмыстандым. «Жақсы адам ғана жақсы басшы бола алады» деген сөзді жадымда жаттадым. Мен аудан орталығынан 300 шақырымдай, халық саны — 452, отбасы саны — 108, жас отбасы саны — 12, қаймағы бұзылмаған, қазақылық дәстүр сақталған, адамдардың бір-біріне сыйласымдылығы, қамқорлығы





басым қазақ ауылы, шекаралық аймақта орналасқан Жалғыз-апан ауылындағы шағын жинақты Лабай орта мектебінің директорлық қызметін 2007 жылдан бастап атқарып келемін.

Алғаш жұмысты бастаған уақыттан мені шекаралық аймақта орналасқан мектептің жұмыс жасауында кездесетін өзіндік қиындықтар, қатал табиғаты қорқытпады. Кездесер қиындықтың шешу жолын іздедім.

Бірінші кедергі — кадр тұрақтандыру. Жастарға тыныш, қалыпты ауыл өмірі емес, өзгермелі қала өмірі қызықты. Жолдамамен келген жастарды тұрақтандыру мақсатында жұмыстарды жүргіздім. Мектепті жаңа леппен, тың идеялармен бітіріп келіп жатқан жастарға қамқорлық, жанашырлық таныту, ауыл тіршілігіне тез үйренуіне, әдістемелік, шығармашылық қырларынан биіктеуіне, жанашыл бастамаларына қолдау таныту — менің ең негізгі жұмыс бағытым болды. 5-сыныптан бастап оқушыларға мамандық тандауға бағыт беруде қателеспей тандау жасауына көмек беруде жақсы жұмыстар орайластырыла жүргізілді. Қазіргі уақытта кадр жетіспеушілігі жоқ, жас мұғалім — бесеу, өз мектебіміздің түлектері ұстаздық



қызметті таңдап, дипломмен ауылға оралуы, мектепке келген жастардың тұрғылықты тұрғынға айналуы — кадрмен жұмыстың болжамды жоспарымен жүретіндігінің айғағы. Құрметті атаққа кір келтірмей, қастерлі мамандықты таңдап, өмірді сүру, өзгеге өмір сүру жолын үйреткен, сан шәкірттің, өз басшылығымен жұмыс жасап жатқан әріптестер жүрегіне жол тапқан нұрлы жан атану — тынымсыз тірлік, әр жаннан жүрек үнін тындай алатын сезімталдықты талап етеді. Осы орайда, екінші кедергі — оқушы контингентінің сол жылдарда жыл санап азаюы болды. Тұрғылықты халық аз шоғырланған жерден жағдайы жасалған аудан, облыс орталығына қоныс аудару көп болды. Дұрыс шешім табу жолында мен жас ата-аналарға ауылдағы ақсақалды ата мен ақ жаулықты әженің тәрбиесінің тәлімін көріп өскен ұрпақтан ата-анаға деген



мейірімнің, азаматтық тұрғысының өзгеше болатындығын танытып, сол жылдары қалаға қоныс аударған жас ата-аналардың балаларын ауылға оқыту мүмкіндігін таңдадым. Бүгінгі күні сол жас бүлдіршіндер жаңа мектептің жалынды жоғарғы сынып шәкірттері болып үлгерді.

Оқушы контингентімен кадр тұрақтылығын қалыптастырған соң, ауыл үшін жаңа үлгідегі жаңа мектеп жан-жақты білім алатын жастар үшін қажет болып табылды. 2012 жылдан бастап аудан әкімдігіне мектепті жаңарту мәселесі бойынша сұраныспен шықтым. Сұраныстың негізінде ауыл қуанышы болып 1981 жылы салынып, тіреуішпен тұрған ескі мектеп жаңа үлгідегі, жаңаша толық жабдықталған әсем, білім ордасына айналды. Қырандай биікке ұмтылған шәкірттердің өмірден биік белестерді бағындыруына негіз болатын мектепте берілген сапалы білім. 2018-2019 оқу жылы қорытындысымен 105 оқушының басын құраған мектебіміздің білім сапасы – 52 пайыз, бұл бүгінгі меже. Міне, терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық қасиеттер мені қатардағы ұстаздан шалғайда орналасқан мектептің беделді білікті басшысы деңгейіне көтерді. Мектеп абыройы, ұстаздарымыздың беделі, әр ұжым мүшесінің тұрмыстық мұқтажы, жанұя жағдайлары, қатқабат тіршілікте жиі кездесетін қуанышы мен қиындық жағдайлары менің әрқашан назарымда жүрді.

Қиын кезде қолдау көрсетіп, бақытты, қуанышты сәттерді бірге бөлісіп, бірге қуануды үйрендім. Қаланың қайнаған тірлігінен алыс жатқан ауыл тұрғындарының ынтымақтаса атқарар жұмысының бастаушысы болуға талпындым. Табиғаттың төрт мезгілінің ерекше айшықты сәттері – біздің Азғыр аймағында ерекше танылады. Қыстың қаһарлы, жан тазартар суығымен, қар алқабының сәнді бояуы – қыр қызғалдақтарының бүршік атар кездерін салтанатпен атап өту дәстүрімізге айналған. «Қызғалдақ – көктем» шарасын ауыл тұрғындарымен бірлесе өткіземіз. Бұл жұмыс – жас буын бойында туған жеріне ыстық сүйіспеншілік, мақтаныш, дәстүрге адалдық, ұлттық рухты сезімдерін ұштайды. Директорлық қызмет – адамға биіктеу үшін берілген тақ емес, өзгелердің болашағы үшін берілген үлкен жауапкершілік міндеті. Мені қарапайым қадам, қарапайым тыныс, қарапайым өмір сатысымен жоғарыға өрлеткен, мені айналама танытқан өз ауылыма, туған топырағыма деген шынайы алғыс сезім, перзенттік борышымның бөлшегі болып саналмақ.

**Күнсұлу Ыдырысқызы
АХМАЛИЕВА,
«Лабай жалпы орта мектебі» КММ
директоры.
Құрманғазы ауданы,
Атырау облысы.**



Lesson Study: Математика сабақтарында басым интеллект типі бойынша дифференциацияны ұйымдастыру оқушылардың жаңа материалды меңгеру сапасына қалай ықпал етеді?

Түйінді сөздер: сабақты зерттеу, көптік зият теориясы, басым интеллект типі, дифференциация, зерттеу нәтижелері

Ключевые слова: исследование урока, теория множественности интеллекта, доминирующий тип интеллекта, дифференциация, результаты исследования.

Keywords: Lesson Study, theory of multiplicity of intelligence, the dominant type of intelligence, differentiation, research results

Мұғалім ретінде бұрыннан бері оқушылардың сабақта берілген жаңа материалды әр түрлі деңгейде ұғынатынын байқадым. Оқушылар берілген алгоритм бойынша ғана жұмыс атқарып, анализ немесе синтез жасау қажет уақытта қиындыққа ұшырайтыны да көрінді. Осыған орай мен әр оқушыға жеке бағытталған әдістемеге эксперименталды зерттеу жұмысына кірісуді ұйғардым. Бұл жердегі менің мақсатым әр оқушының өзінің басым интеллект типіне байланысты жаңа материалды таныстыру. Күтілетін нәтиже: оқушылардың жаңа материалды меңгеру сапасы артады.

Мектеп психологтары Гарднердің көптік ақыл-ой тесті бойынша оқушыларға өткізген диагностика нәтижелерін негізге ала отырып, менің сыныптарымдағы оқушылар

шартты түрде бірнеше топқа бөлінді. Кейбір оқушыларда бірнеше интеллект типтері бірдей деңгейде дамығандықтан, бұл топтармен ауыспалы құрамда жұмыс жасауға болатынын байқадым. Ақпаратты жинау және нәтижесінде шығатын қорытындыларды қадағалау үшін өз сыныбыма сыншы және бақылаушы ретінде математика пәнін беретін басқа да мұғалімдерді шығардым. Барлығымызда бірдей стандарттар болғанымен, әдістемедегі айырмашылығымыз да көп екенін байқадық. Жоспарлау барысында әр мұғалім өз пікірін айтып, нәтижесінде барлығымыз әр интеллект типіне тән жаттығулар комплексін таба алдық.

Оқушылардың жоғары деңгей дағдыларын қалыптастыру мақсатында К. Никольсон-Нельсон өз кітабында көптік зият теориясы негізіндегі сабақтарды жоспарлағанда



Блум таксономиясын қоса алып жүру қажеттігін атап өткен. Үнемі осыған назар аударып отыру арқылы әр түрлі интеллект типтерінің ерекшеліктері ескерілген және таксономияның барлық деңгейлері қолданылған тиімді сабақ өткізуге болады. Кітап авторы әр интеллект типіне орай Блум таксономиясы бойынша етістіктер кестесін де құрған. Математика сабағына қажетті етістіктерді ауызша-лингвистикалық және логикалық-математикалық интеллект мысалында қалай бейімдегенімізді қарастыруға болады:

Ауызша-лингвистикалық интеллект

Білу: анықта, есте сақта, жазып шық, тізім құра.

Түсіну: түсіндір, талқыла, тұжырымда, сипатта, қайтала.

Қолдану: интервью ал, көрсет, жарияла (мақала).

Анализ: интрепретация жаса, салыстыр, зертте, сұрақтар қой, шолу жаса.

Синтез: жасап шық, құрастыр, болжам жаса, ойлап тап.

Бағалау: қорытынды жаса, бағала, түзет, ұсыныс жаса, редакциясын жаса.

«Абсолютті және салыстырмалы жиілік» тақырыбы бойынша сабақта келесі дифференциация ұйымдастырылды: Оқушыларға жаңа материалды меңгеру олардың материалды қабылдай алу қабілеті бойынша беріледі. Әр топ алдымен жаңа материалмен танысып, содан соң берілген тапсырманы орындауға көшеді.

1-топ. Визуалды-кеңістік интеллект.

Оқушыларға абсолютті және салыстырмалы жиілікті қалай есептеу қажеттігі жайлы кесте, графиктері

Логико-математикалық интеллект

Білу: атап шық (перечисли), жина, нөмірле, анықта.

Түсіну: сипатта, ата, топтастыр, орнын тап.

Қолдану: тексер, шеш, есепте, демонстрациясын жаса, дәлелде.

Анализ: анализін жаса, оқы, зертте, ашу жаса, өлше, бөл.

Синтез: ойлап тап, тұжырымда, гипотеза жаса, жүйеле.

Бағалау: өсу/кему ретімен орналастыр, бағала, таңдап ал, өлше, санап шық.

Теориялық білім мен әдістемелік құралдар анықталғаннан кейін, зерттеу нысанасы ретінде үш оқушы таңдалынды: А оқушы — математика-логикалық интеллект, В оқушы — ауызша-лингвистикалық, Соқушысы — тұлғааралық интеллект басым оқушы. Әр оқушылар тобына жаңа материалды меңгеру кезеңінде басым интеллект ерекшеліктері ескерілді. Зерттеу барысында 7-сыныпта

бар таратпа материал беріледі. Содан соң берілген мәтіндік есепке анализ жасау және жиілік кестесін құру арқылы тапсырма орындалады.

*Қарағым, дұғагөйім, қамқор анам,
Арнап хат жазайын деп алдым
қалам.*

*Сені онда, мені мұнда аман сақтап,
Көруге жазғай еді хақ тағалам.*

Берілген өлең шумағынан дауысты дыбыстардың кездесуін



статистикалық кесте түрінде көрсетіңіз. Ол үшін алдымен сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Берілген өлең шумағында барлығы қанша дауысты дыбыс бар?
- 2) І әрпі неше рет кездеседі?
- 3) Жиілік кестесін толтыр

Әріп	і	а	ы	ұ	ө	о	е	у
Абсолют жиілік	4							
Салыстырмалы жиілік	$\frac{4}{45}$							
Салыстырмалы жиілік, %	$\frac{4}{45} \cdot 100\% = 8,9\%$							

4) Абсолют жиіліктердің қосындысы неге тең?

5) Салыстырмалы жиіліктердің қосындысы неге тең?

2-топ. Логика-математикалық интеллект. Оқушыларға жаңа материал анықтамалар арқылы беріледі. Содан соң берілген мәтіндік есепке анализ жасау және жиілік кестесін құру арқылы тапсырма орындалады.

Есеп. Жергілікті кітапханада оқырмандар арасында сауалнама жүргізілді. Сауалнама: «Сіз қандай

кітапты оқығанды ұнатасыз? Бір жауапты таңдаңыз». Сонда триллер жанрын – 678, детектив жанрын – 569, драма жанрын – 456, тарихи кітаптарды – 368, ғылыми фантастика – 306, фантастика –

350, саяхат туралы әңгімелерді – 128 оқырман ұнататынын айтты.

Берілген есеп бойынша сұрақтарға жауап бер.

а) Сауалнамаға қанша оқырман қатысты? Бұл қандай статистикалық шама болады?

б) Оқырмандар ең жиі оқитын жанр қандай? Бұл қандай статистикалық шама болады?

с) Жиілік кестесін құрыңыз. Кестеде жанр түрлерін, абсолюттік және салыстырмалы жиілікті көрсетіңіз.

Әдеби жанр	Триллер	Детектив	Драма	Тарихи кітаптар	Ғылыми фантастика	Фантастика	Саяхат туралы әңгімелер
Абсолют жиілік							
Салыстырмалы жиілік							
Салыстырмалы жиілік, %							

d) Абсолют жиіліктердің қосындысы неге тең?



е) Салыстырмалы жиіліктердің қосындысы неге тең?

3-топ. Тұлғааралық ақыл-ой.

Оқушыларға жаңа материал бойынша анықтамалар мен мысалдар келтірілген таратпа беріледі. Олар материалмен мұғалімнің көмегімен танысады, нұсқаулық арқылы берілген тапсырманы орындайды.

Есеп. Спорттық клубта бокспен айналысатын ұл балалардың бойлары берілген.

168, 168, 169, 169, 170, 170, 170, 170, 170, 171.

Сұрақтарға жауап беріңіз:

- 1) Бойы 168 см неше бала бар?
- 2) Бойы 169 см неше бала бар?
- 3) Бойы 170 см неше бала бар?
- 4) Бойы 171 см неше бала бар?
- 5) Кестені толтыр.

Бойы	168	169	170	171
Абсолютті жиілік	2			

Абсолют жиілік – бұл берілген мән таңдамада неше рет кездесетінін көрсететін сан.

6) Барлығы неше ұл бала бокспен айналысады?

7) Кестені толтырыңыз.

Бойы	168	169	170	171
Абсолютті жиілік	2			
Салыстырмалы жиілік	$\frac{2}{10} = \frac{1}{5}$			

Салыстырмалы жиілік – бұл абсолют жиіліктің таңдама көлеміне қатынасы. Салыстырмалы жиілік жай бөлшек, ондық бөлшек және пайыз түрінде беріледі.

$$\frac{1}{5} \cdot 100\% = 20\%$$

8) Салыстырмалы жиілігін есептеңіз:

Бойы	168	169	170	171
Абсолютті жиілік	2			
Салыстырмалы жиілік	$\frac{2}{10} = \frac{1}{5}$			
Салыстырмалы жиілік, %	20%			

Жиілік кестесі – бұл жоғарғы жолында нұсқалықтар, ал төменгі жолдарында жиіліктер көрсетілген кесте.

9) Абсолют жиіліктердің қосындысы неге тең?

10) Салыстырмалы жиіліктердің қосындысы неге тең?

Бұл зерттеу негізінде Статистика, Алгебра және Геометрия бөлімдері бойынша бір-бір сабақтан өткізілді. Әрбір бөлім бойынша қалыптастырушы жазбаша бағалау жұмыстары оң нәтиже көрсетті. Оқушылар жаңа білімді өздігінен және сапалы түрде меңгергені байқалды. Тәжірибеге сүйене отырып, әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, дифференциацияны ұйымдастыру сабақтың кез келген кезеңінде тиімді болады деген тұжырым жасауға болады. Оқушының басым интеллект типі өмірлік серігі болып келеді, алайда қалған интеллект типтерін дамытуға ықпалын тигізетін әдістерді де қарастыру қажет деген түйінге келдік.

Аяғоз Сарваровна БЕКТАСОВА,
ХББ Назарбаев зияткерлік
мектебінің математика пәні мұғалімі.
Петропавл қаласы,
Солтүстік Қазақстан облысы.



Білім беру саласы - жаңа жүйе көшінде



**Тілеухан
ЖҰМАШЕВА,**
«Рахат ауылдық округі
№1 орта мектебі»
КММ-нің қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің
мұғалімі.
Еңбекшіқазақ ауданы,
Алматы облысы.

Еліміздегі білім беру саласы жаңа жүйеге көшіп жатыр. Ұлтымыздың болашағына тірек болар азаматтардың білім деңгейі жоғары, ой өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, шынайы өмірге бейім жанашыл ұрпақ тәрбиелеуді басты фактор ретінде қарастырып отыр.

Тәуелсіз елдің негізгі тірегі – білімді ұрпақ. Қазіргі таңда білімдінің алға түсіп, бәйгеден озып келетін заманы енді туды. Мемлекет болашағының кепілі – жастарға білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені белгілі. Қазақтың кемел талантты ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынов: «Елді түзетуді бала оқыту ісін түзетуден бастау керек», - деген. Осыған орай, мектебімізде мектеп тренері Тулешова Г.Б «Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу» тақырыбында курс өткізуде. Біз курста оқып жүріп, Сабақты зерттеу

үдерісін жүргіздік. Бір сыныпқа сабақ беретін мұғалімдерден құрылған топ болғандықтан сынып оқушыларын жақсы білдік. Бұл біздің бақылау, қадағалау дағдымыздың жетілуіне өз көмегін тигізді. Тренеріміз жұмыстың жақсы жүруі үшін әр топқа жетекші тағайындап қойды. Мен де бір топқа жетекші болдым. Бұл мен үшін өте жауапты жұмыс болды. Тобымызбен төрт рет кездесу жасап, әр кездесуде үдеріске қатысты мәселелерді шешіп отырдық. Пид Дадли, Т. Чичибуды оқыдық. Асхат Алимов пен Берік Асубаевтың жазбаларын оқыдық, себебі үдеріс көп ізденуді талап етеді. Лас сабақ өтіп, оны жетілдіріп, түзетулер енгізіп отырдық. Бақылау парақшаларын толтырып, төрт кездесуден соң зерттеу сабағын өткіздік. Зерттеу сабағынан соң талқылау болды. Осылайша үш цикл өткіздік. Сабақты зерттеу мұғалімге әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға, сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдерге инновациялық педагогикалық тәсілді жетілдіруге немесе оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді. «Бірлесіп пішкен тон келте болмас» дегендей, бірлесе құрылған жоспар, бірлесе жүргізілген



әрекет, бірлесе зерттелген тақырып – өз нәтижесін берері хақ. Жүргізілген жұмыстың нәтижесін көру, сезу – мұғалім үшін шын бақыт. Міне, біз осындай шынайы әрекеттердің куәсі болып жүрміз, себебі былтыр жетекші болсақ, биыл тренерлікке тартылып жатырмыз. Коучинг-сессия өткізіп, топ құрып, үйретіп те, үйреніп те жүрміз. Сонымен қатар, біз жетекші мектеп болғандықтан, басқа мектептерге де әдістемелік көмек берудеміз. Қазіргі уақытта мектебімізде қызу жұмыс, 8 топ жұмыс жасап жатыр. Әр топтың зерттеу сабағына қатысып, өз тәжірибемізге өзгерту енгізудеміз. Себебі мұғалім мамандығы – көп ізденуді, көп еңбектенуді қажет ететін мамандық.

Мектебімізде 9 мұғалім (III деңгей), 1 мұғалім (II деңгей) және 1 мұғалім (I деңгей) жұмыс істейді. Біз мектебімізде өзіміздің «Интерактивті мұғалім» атты шығармашылық тобымызды құрдық. Осы әдіспен қалай жұмыс істеу керектігін үйрену мақсатында Lesson Study топтама сабақтарын жоспарладық. Бұл сабақты бірінші рет ағылшын тілі мұғалімі өткізеді деп шештік, себебі ол осы бағдарлама бойынша курсты 2012 жылы өтіп келді және оның осы бағытта екі жылдық тәжірибесі бар. Алғашқы сабағын өткізу үшін біз 10 сыныпты тандап алдық. Сыныпты тандап алу кезінде сабақ беретін мұғалімдердің бәрі сол сыныпта жұмыс істеп, оқушыларды жақсы танитыны ескерілді. Белгілі бір тақырып тандап алынды, сол проблема аясында зерттеу жүргізу

көзделді. Мысалы; «Топтық жұмысты ұйымдастыра отырып, оқушылардың көшбасшылығын қалай дамытуға болады?»

Lesson Study тәсілінің бастапқы кезеңінде алғашқы сабақ жоспарын пән мұғалімі өзі құрып әкелді. Біз оған сәл түзетулер жасадық.. Одан соң ағылшын тілінің мұғалімі зерттеу сабағын өткізді, ал қалған топ мүшелері сабақты қадағаладық. Әр мұғалім бақылауға арналған жеке оқушылардың жетістіктері мен кемшіліктері сабақ барысында арнайы дайындалған сызба кестелерге толтырып, жазып алып отырды. Зерттеу сабағы аяқталғаннан кейін бүкіл топ мүшелері бірден оқушылардың оқу үдерісіне талдау жүргіздік. Содан кейін Lesson Study-дің анағұрлым тиімді болуын қамтамасыз ету үшін сабақ барысындағы нәтижелерді есепке ала отырып, келесі сабақты қайта жоспарладық. Екінші сабақ «Жадыны қалай жақсартуға болады?» деген тақырыпта өтті. Шығармашылық топқа сабақ өте жоғары қарқынмен өткендей көрінді, сабақта бірнеше әдіс түрі қолданылды. Бірақ рефлексия және оқушылармен әңгімелесу барысында біз басқа жағдайға тап болдық, кейбір оқушылар әр түрлі әдістерді қолдану ұнамайтыны туралы өздерінің ойларын білдірді. Шығармашылық топ өзара талдау жүргізіп, сабақтың әдіс пен тәсілдерін өзгертуге шешім қабылдады. Әр сабақты жоспарлағанда оқушылардың топтық құрамын өзгертуге тырыстық.



Lesson Study-дің төрт тізбектелген сабақтарынан кейін біз сабақ барысында мынаны көрдік: Жоғары деңгейдегі екі оқушы А және Н сабақта белсенділік көрсетіп отырды. Сабақ барысында берілген тапсырмаларға тобымен бірге жылдам жауап беріп, үнемі алда болып, көшбасшылық таныта алды. Ал екі оқушының Д және М «жасырын» көшбасшылық танытқанын айқындадық. Ал қалған оқушылар өздерінің көшбасшылық қабілеттерін көрсете алмады, әлі де сенімсіздік туғызады, олар тек өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындап отырды, сондықтан бұл оқушыларды өздерінің көшбасшылық қабілеттерін көрсете алатындай жағдайға қоюды ойластыру керек. Яғни топқа бөлу

барысында, А және Н-ны топ ішінде қалдырмай, бұл оқушыларға сабақ үстінде «сарапшы», «кеңесші» ролін беруді жоспарладық.

Сабақ барысында пән мұғалімі сабақтың мақсатына жете білді. Жоспарланған тапсырмалар орындалды. Әр тапсырмаға берілген уақыт тиімді пайдаланылды. Оқушылар сабақ кезінде жақсы көңіл-күйде болды. LessonStudy мұғалімге әрбір жеке оқушының оқуына қатысты өзінің оқыту тәжірибесі туралы ойлануға, сабақтың оқушылар қажеттілігіне сәйкес келуі мақсатында мұғалімдерге инновациялық педагогикалық тәсілді жетілдіруге немесе оның сапасын арттыруға мүмкіндік береді.



XV-XVII ғасырдың I ширегіндегі қазақ халқының тарихы мен мәдениеті

Аңдатпа

Бұл мақалада XV-XVII ғасырдың I ширегіндегі қазақ халқының тарихы мен мәдениеті, алғаш құрылған қазақ мемлекетінің хандарының салып кеткен сара жолдары мен сол ғасырларда өмір сүрген ақын-жыраулардың шығармалары қарастырылады.

Кілттік сөздер: «Қасқа жол», «Жеті жарғы», «Көшпенділер философы».

Аннотация

В этой статье рассматриваются история и культура казахского народа в первой четверти XV-XVII веков, пути, построенные ханами первого казахского государства, а также произведения акын-жырау, живших в те века.

Ключевые слова: «Путь к каске», «Семь уставов», «Философ кочевников».



Resume

This article discusses the history and culture of the Kazakh people in the first quarter of the XII-XII centuries, the paths built by the khans of the first Kazakh state, as well as the works of akin-zhyrau who lived in those centuries.

Key words: “The Way to the Helmet”, “Seven Charters”, “Nomad Philosopher”.

Кіріспе.

Қазіргі таңда қазақ халқын шығу тегі жағынан алып қарасақ, 3000 жылдан астам тарихы мен мәдениеті бар халық екені көз алдымызда белгілі. Қазақтың қазақ болып қалыптасуы, біртұтас бірыңғай халық болып жеке-даралануы, оның өзіне дейінгі әлеуметтік тарихи тәжірибені ақыл-ой санасына орнықтырып, тұрмыс тіршілігіне пайдалана білуінің арқасында жүзеге асты. Ал бұл тәжірибенің негізі болашақ қазақ қоғамының, және оның материалдық және рухани мәдениетінің іргетасы тым ертеректе, адамның адам болып, оның қоғам болып қалыптасқан кезеңінде қаланды.

Біздің қарастырып отырған 15-18 ғасырдың басындағы қазақ халқының тарихы мен мәдениеті б.з.д. II мың жылдықтағы арийлер мен алтайлықтардың, одан бері сақтар мен ғұндар, олардан да берірек VI ғ. түркілер мәдениетінің жалғасы дамып, өркендеген кезеңі деуімізге толық себебіміз бар.

Еуразияның шетсіз де шексіз ұлы даласын ертеден мекен етіп, мал өсіріп күнін көріп жүрген түркі тектес көшпелі тайпалардың бірыңғай этникалық топқа жіктеліп, қазақтың халық болып қалыптасуы нәтижесінде

XV ғасырдың орта шенінде қазақ хандығы құрылды. [1]

Осынау көшпелі түркі тектес тайпалардың бірыңғай этникалық топқа бірігіп, халық болып қалыптасуы негізінде XV ғ-да, дәлірек айтсақ М.Х. Дулати бойынша 1466-68 жылдары Қазақ хандығы құрылғандығын білеміз. Сөйтіп, ежелден еркіндік аңсаған көк түріктің ұрпақтары, енді бір орталыққа бірігіп, өз алдына еркін ел, мемлекет болу идеясын іске асырды. Өзіндік шекарасы белгіленді. [2]

Негізгі бөлім.

Алғаш құрылған қазақ мемлекетінің хандары Керей мен Жәнібекте, олардың жолын ұстаған Қасым да, Орта Азия хандарымен Еділ бойындағы елдермен, Батыс Сібір хандығы орыс мемлекетін орнатып, әр тұста ішкі, сыртқы жағдайға байланысты ұтымды саясат ұстанып отырды. Қазақ хандығының астанасы Сығанақтан Түркістанға ауыстырылды.

Қасым хан тұсында (1511-1523 ж.) қазақтар арасында бұрыннан қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-дәстүр негізінде жасалынған алғашқы заң – «Қасқа заң» қабылданды. Тарихта «Қасым ханның Қасқа жолы» деп аталады. [3]

1513 жылы Қасым хан қайтыс



болып, біраз уақыттан соң 1532 жылы хандыққа Ақназар хан келді. 42 жыл билік құрған ол түркі тектес ру тайпалардың басын қосып Ноғай ордасын, қырғыздарды қол астына алды. Орта Азиядағы елдермен достық қарым-қатынас орнатып, біртектес халықтардың аралас-құралас, тату-тәтті өмір сүруіне қол жеткізді. Ақназардан кейін Тәуекел, Тәуекелден кейін інісі Есім хан болды. Есім қазақ хандығында 1598-1628 ж.ж. аралығында 30 жыл билік жүргізді. Есімнің хан болған тұсында Қытай мен Ресейдің айдап салуымен жоңғарлардың қазақ халқын жойып жібермекші болған 100 жылдық жойқын жорығы басталды. Бұл соғыста қазақ халқының қайраты мен қаһармандығын қарсы қоя білген Есім хан еді. Оның «Есім ханның ескі жолы» атты заңдар жинағы бар. [4]

Есім ханнан кейін хан болған «Салқым Жәңгір» атанған Жәңгір хан кезеңінде (1645-1652 ж.ж.) жоңғармен соғысқа толы аласапыран кезең болды. Өзі де жоңғармен соғыста қаза табады. Ел билігі енді Тәуке ханға тиді. Көсемдіктің қыры мен сырын жастай үйренген ол елдің береке-бірлігіне тірек болатын шараларды іске асыруға белсене кірісті. «Жеті жарғы» атты заңдар жинағы өмірге келді. Бұл заң – «Қасқа жол» мен «Ескі жолдың» уақыт өте келе толықтырылып, өзгерістер енгізіліп, қайта жасалынған түрі. «Жеті жарғы» - үш жүздің санлақ билері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би қатысуымен жасалынған билер

кеңесінің талқысынан өткен. [5]

XV-XVIII ғ. қазақ даласының саяси сахнадағы әрекеттері туралы аздаған шолулар жасалды, енді экономикалық, мәдени өмірлеріне де тоқтала кетсем:

Монғол-татар шапқыншылығынан соң, XIV-XV ғ.ғ. шаруашылық біртіндеп қалпына келе бастады. Отырықшылық жанданып, Оңтүстік Қазақстан қалалары (Отырар, Сауран, Сығанақ, Ясы, Созақ және т.б.) ояна бастады. Көшпелі, экономикалық байланыстар нығая түсті. Қазақ халқы XV-XVI ғ.ғ. түркі мемлекеттік бірлестіктерінің құрамына кіре жүріп, біртүлдігіне пайдаланды. Осы уақыттар ішінде тілдің өзіне тән ерекшеліктері қалыптасты. Батыс, Шығыс, Оңтүстік, Солтүстік Қазақстан жерлерін ерте замандардан бастап түркі тектес халықтар мекендегенін аңғарамыз. Ол халықтардың барлығын біртекті деп атап отырған себебіміз – олардың шаруашылық түрі, мәдениеті, тілі ортақ болған. Халықтың аралас болуы, әрине шаруашылықтық мәдениеттің алмасып гүлденуіне ықпал етеді. [6]

XVII ғ. аяғы мен XVIII ғасырдың басында Қазақ хандары өз іргесіне келіп, шекара бекіністер салып ішкерілей ене бастаған Ресей мемлекетімен тіл табысуды көздей бастады. Осындай қиын саяси кезеңдердегі халықтың тұрмысы замана ғұламаларының туындыларынан айқын көрінді. Сондай аса құнды деректердің бірі – Қадырғали Жалайридың «Жамиғ-ат-тауарих» атты еңбегі.



Сахарадағы рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктері көп еді. Кең даладағы көшпендітірлік, тұрмыстық-қоғамдық өзгешелік сөз өнерінің соны сипатта қалыптасуына себеп болды. Сөйтіп, поэзия рухани өмірде жетекші орынға шықты. Поэзия арқылы халықтың, мемлекеттің жай-күйін білдіріп, алдын болжаған. Жәнібек ханның кеңесшілерінің бірі «Көшпенділер философы» (Ш. Уәлиханов айтқан) деген атқа ие болған, атағы бүкіл «Дешті-Қыпшаққа» жеткен Асан қайғының орны ерекше. Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марғасқа, Ақтамберді, Үмбетей, Бұхар жыраулар сонау Қазақ хандығы құрылып дамығаннан бастап, Жоңғар агрессиясы, Ресейдің тонаушылық соғыстары кезінде өмір сүрген ақын-жыраулар.

Біз бұлардың шығармаларын жаңаның басы деп емес, көненің жалғасы деп қарауымыз керек.

Қорыта келгенде, тарихтың талай ауыр сындарынан мойымай өткен қазақ халқының тұрмыс-салты, діні, әдебиеті, жалпы мәдениеті – түркі тілдес халықтар мәдениетінің бір тармағы, жалғасы.

Әдебиеттер:

1. <https://student.zoomru.ru/history/hvhv-asyrlarday-aza-halynymdeniet/164123.1346983.s1.html> 2/;
2. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 1-бөлім, 5-6 тараулар;
3. (Тарихи-Рашиди, 327 б.);

4. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера. Үш томдық Л., 1979 ж.;

5. Гумилев Л.Н. / Этногенез и биосфера. Үш томдық Л., 1979 ж. 2-том, 5 бет;

6. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, М. Қойгелдиев, т.б. - Алматы: «Мектеп» баспасы, 2006.

References:

1. <https://student.zoomru.ru/history/hvhv-asyrlarday-aza-halynymdeniet/164123.1346983.s1.html> 2/;
2. history of Kazakhstan. In five volumes. Section 1, Chapters 5-6;
3. (historical-Rashidi, p. 327);
4. Gumileva L. N. / Ethnogenesis and the biosphere. In three volumes of L., 1979.
5. Gumileva L. N. / Ethnogenesis and the biosphere. In three volumes L., volume 2 1979 g., p. 5
6. History of Kazakhstan: textbook for the 10th grade of the social and humanitarian direction of the secondary school / A. Toleubaev, M. Kasymbaev, M. Koigeldiev, etc. - Almaty: "Mektep" publishing house, 2006.

Анар ПЕРНЕБЕКОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушысы.
Алматы қаласы.



Бастауыш сыныпта орындалатын тапсырмалардың мазмұндық негіздері



Ғайни ЕСБОЛАЙ,
№1 жалпы орта
білім беретін
мектеп-лицейінің
бастауыш сынып
мұғалімі.
С.Шапағатов
ауылы,
Түпқараған ауданы,
Маңғыстау облысы.

Бүгінгі таңда білім берудің негізгі өзекті мәселесі жан жақты заманауи тұлға тәрбиелеу болса, сол жас ұрпақтың дүниетанымын әлемдік құндылықтармен байланыстыра жетілдіруге, ел тұтқасын ұстайтын, ел сенімін алға созатын білімді ұрпақ тәрбиелеуге ұмтылуымыз қажет. Ол ұрпақтың бойында болуы керек талаптар да күшейді. Еліміз өркениетін дамытатын жеке тұлға өзіне сенімді, ынталы, сыни көзқарасы қалыптасқан, сандық технологияда құзырлылық танытатын көшбасшы болуы міндетті.

Бастауыш сыныптағы кезең — оқушы санасының дұрыс қалыптасуына басты бағыт болатын маңызды зор саты. Оқушылардың зейіні мен оқу дағдысы, түрлі рефлексиялық, өзін-өзі бағалау амалдары, жаңа қабілет-дарыны қалыптасатын да кезең. Осы бағытта оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың басты шарты — өзіндік жұмыстар мен шығармашылық жұмыстарын, дидактикалық

тапсырмаларды жоспарлы қолдана білуінде.

Грамматикалық: сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айту және жаза білуге машықтандыру;

Дидактикалық: түрлі ойын элементтерін қолдана отырып негізгі материалды меңгерту, баланың ойлау қиялын дамыту. Осы негізде мынадай дидактикалық ойындарды өз тәжірибемнен ұсынамын. Мысалы: Ойынның шарты бойынша әр оқушы бір сөзден қосып, толықтырып отыруы тиіс. Бірақ сөйлемнің мағынасы өзгермеуі керек. Сөйлемге сөз қосып толықтыра алмаған оқушы жеңіледі.

Қымыз

Қымыз пайдалы.

Қымыз пайдалы сусын.

Қымыз денсаулыққа пайдалы сусын.

Қымыз денсаулыққа пайдалы, табиғи сусын.

Бастауыш сыныпта баланың ауызша сөздік қорын дамытуға көп күш жұмсалуды тиіс, ол суреттер бойынша әңгіме құрау әдісі. Әр оқушы суретке қарап отырып, байланыстыра дамыта баяндау әдісімен әңгіме құрауы тиіс. Осы орайда тақырыпқа сай келетін мақал, жұмбақ, жаңылтпаштарды таңдап ұсыну қажет. Мысалы, бірінші суретке біз құстар, үй жануарлары туралы жұмбақтар бердік және камқорлық, еңбек ету тақырыбындағы мақалдарды жазғыздық.

Тікірейіп құлағы,

Менен бұрын тұрады,



Бойын жазып керіліп,
Беті-қолын жуады. (Мысық)
Еркін самғап ұшсын деп,
Мәпелейміз, баптаймыз,
Бейбітшілік құсы, - деп,
Қайсы құсты мақтаймыз. (Көгершін)
Жақсылық екен алғыс орады.
Басыңа іс түссе,
Жақсы көмек етеді,
Жаман күліп кетеді.

Жақсылыққа жақсылық, әр кісінің ісі.

Жамандыққа жақсылық, ер кісінің ісі.



Оқушылардың тілдік нормаға сай сөйлеп, әріптерді, дыбыстарды дыбыстауында, қиялын дамытуда халық ауыз әдебиеті үлгілерінің, әсіресе жаңылтпаштар мен санамақтардың рөлі ерекше. Жаңылтпаштар баланың орфоэпиялық нормаға сай сөйлеу дағдысын қалыптастырса, жұмбақтар ойлау тапқырлығын, санамақтар шапшандыққа, мазмұндылыққа баулиды. Қадыр Мырзалиевтің: Бір дегенім — білеу, Екі дегенім — егеу, Үш дегенім — үскі, Төрт дегенім — төсек, Бес дегенім — бесік, Алты дегенім — асық, Жеті дегенім — желке, Сегіз дегенім — серке, Тоғыз дегенім — торқа, Он дегенім — оймақ, Он бір ауыз қара жұмбақ, осы санамақтың ішіндегі сөздердің ассоциациясын беріп

отырып жаттату — баланың жадында тез сақталады. Ол мынадай үлгіде келеді.

1. **Білеу** — шалғы, орак жануға қолайлы, ұшы сүйірлеу, сабы бар жұмыр қайрақ 2. Егеу — металдың жұқа қабатын жануға арналған көпжүзді (көптісті) металл кесетін аспап 3. **Үскі** — ағаш тесу үшін қолданылатын құрал.



Мұндағы негізгі түйін — ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келетін батырлар жыры, мақал-мәтелдер, жұмбақ-жаңылтпаштар, ертегілер арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастырамыз.

Кезінде ұлы Абай атамыз: «Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деген болатын. Озық ойлы, заманның көшінен қалмайтын білімдар ұрпақты тәрбиелеу қоғамға да, ұстазға да, білім алушының өзіне де басты жауапкершілік жүктейді. Қорыта айтқанда, тәуелсіз елдің ертеңі жас ұрпақтың рухани байлығы, санасы, мәдениеті ол бүгін алған ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлік шеберлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруда сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді түрлендіріп қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.



Сабақта ойын технологияларын қолдану жолдары

Ойын арқылы адам тіршіліктің қуатын, ырғағы мен үндесушілігін, айбыны мен игілігін өз болмысына аударады. Ойын — өнер, еңбекпен келетін өнеге. Ойын — түрлі қасиеттердің тоғысуы, қабілеттің озуы. Соның ішінде тәндік, жандық, парасаттылық, моральдық, рухани құндылықтардың жарысуы, қабысуы, жеңіске жетуі айқын білініп жатады. Ол қандай ортаға тән құбылыс. Ойын — көп қырлы түсінік, осыған орай қолданыста әртүрлі ойындар кездеседі. Адам ойын масштабын нөлден шексіздікке дейін жүзеге асырып анықтай алатын жалғыз тіршілік иесі. Ойын балалардың дүниетанымын және ойлау қабілетін дамытса, екіншісі — күш, ептілік, үшіншісі — құрастырушылық дағдыны дамытады. Сол себепті ол ойнамай тұра алмайды. Ойын арқылы оның жетістігі мен кемшілігін, басқалармен қарым-қатынасын білуге мүмкіндік туады.

Ойынға деген идея б.э. дейінгі 3 мыңжылдықтағы «Вей-Хай» қытай ойынынан, ал кейінірек әскери ойындарды білдіретін шахмат ойындарынан көруге болады. Ойын — тұлғаны модификациялайтын тиімді әдістердің бірі. Ойын барысында белсенділік артады: адам 10% тыңдайды, 50% көреді, 70% — қайталап айтады және 90% өзі жасайды. Ойында тұлғаның эмоционалды, когнитивті және әрекетшілдік ресурстары

қатынасады.

Ойын ынталандыру әдісі ретінде де қолданылады. Ынталандыру түрлеріне мыналарды жатқызуға болады: атақ беру, алғыс жариялау, жетекшілік, ойын капитаны, балл негізінде бағалау, орындарды анықтау құқын беру және т.б.

Ойын — тиянақты іс, ол балаларға ықпал етудің басқа да тәсілдері сияқты өзіне мұқият қатынасты талап етеді мысалы, еңбек. Оны үлкеннің кішіге, күштінің әлсізге бағыну түріне айналдырмау керек. Ойын — даму мен тәрбиелеудің маңызды тәсілі болып табылады. Ойын іс-әрекеті мынадай қызметтерді орындайды:

- *Көңіл көтеруші:* (бұл ойынның негізгі қызметі — шаттану, ләззат алу, қызығушылық ояту);

- *Коммуникативтік:* қарым-қатынас диалектикасын меңгеру; Өзіндік жүзеге асыру;

- *Ойын-емдеушілік:* өмір іс-әрекеттілігінің басқа түрлерінде пайда болатын әр түрлі қиыншылықтарды жеңіп шығу;

- *Диагностикалық:* өзін-өзі тану ойын үдерісінде (ережеге сай мінез-құлық ауытқушылықтарының пайда болуы);

- *Коррекция қызметі:* тұлғаның құрымдылық көрсеткіштердің позитивті өзгеруіне үлес қосуы;

- *Ұлтаралық коммуникация қызметі бойынша:* барлық адамға ортақ



әлеуметтік-мәдени құндылықтарды меңгеру;

- *Әлеуметтендіруші*: адамдардың қоғамдасып өмір сүру нормасын меңгеруін қоғамдық қарым-қатынастар жүйесінде бекіту әрекеті жүзеге асады.

Ойындағы маңызды құрылымдық элемент — *моделдеу*. *Моделдеу* — нақты нысанның орнын басатын нысандарды жасау мен манипуляциялауды тәжірибеден өткізу. Моделденетін салаға қарай ойындар былай бөлінеді:

- әлеуметтік-экономикалық;
- өндірістік;
- басқарылатын;
- саяси;
- әлеуметтік-мәдени және т.б.

Процестің түрі бойынша ойындарды (рөлді беру деңгейі, ойынды жүргізу уақыты, топ қатысушыларының шешім шығару формасы) ойын әдісінің негізгі екі түріне бөлуге болады:

- Операциялық ойындар;
- Рөлдік ойындар.

Операциялық ойындардың ортақ сипаттары:

- сценарийдің болуы;
- жеке тұлғаның шындықпен соқтығысуын көздейді;
- қабылдайтын шешімде «дұрыс және бұрыс» деген алгоритм болады. Топ қатысушысы болашақ жағдайларды шешуде қарсылықты көреді; Операциялық ойындардың кемшілігі:

- инструменталды оқытуға акцент жасалады, шындықпен салыстырғанда тұлғааралық аспект формалданған;

- иммитациялық ойын моделі шындықты қарапайымдайды.

«Іскерлік ойындар» — ойын тәсілімен

кәсіби немесе өзге де қызметтердің үлгілері түріндегі ұқсас-имитациялық жағдаяттар тудырып, белгілі бір қағидалар негізінде студенттің өмірлік дағдыларын шындау әдісі. Іскерлік ойындарды ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық қағидалары:

- нақты жағдайларды имитациялық үлгілеу қағидасы;

- жағдайдың мазмұны және формаларын ойындық үлгілеу қағидасы;

- бірлескен іс-әрекеттік қағидасы;

- диалогтық қарым-қатынас қағидасы;

- екі жоспарлық қағидасы; ойын жағдайында нақты тұлғалық сипаттардың «жорамал» мамандардың дамуын бейнелейді;

- имитациялық үлгінің мазмұны және ойын іс-әрекетіндегі оның ашылуының мәселелік қағидасы. Ойын әдісін қолдану мақсаттары:

- кәсіби және танымдық мотивтер мен қызығушылықтардың қалыптасуы;

- ойлаудағы жүйелілікті тәрбиелеу;

- эмоциялық-тұлғалық қабылдауларды есепке ала отырып, кәсіби іс-әрекетті және оның ірі көріністерін тұтастай елестете алу;

- топпен ойлауға және практикалық жұмысқа үйрену, қарым-қатынас дағдыларын және шешім қабылдай алуды қалыптастыру.

Рөлдік ойын әдісі — (ағыл. role-playing game — RPG) — қатысушылар тандалған рөл шеңберінде, өз рөлінің сипатына және ішкі орта логикасына сай бірлесе немесе құрылған сюжетке сәйкес әрекет жасайды. Қатысушылардың



әрекеттерінің табысты немесе табыссыздығы қабыл-данған ережеге сәйкес болады. Ойыншылар қабылданған ереже шеңберінде ойынның бағытын еркін сахналай алады.

А.С. Макаренко былай дейді: «Ойында бала қандай болса, өмірде кәсіби қызмет саласында, көбінесе сондай болады». Сондықтан келешекке адамды тәрбиелеу — бәрінен бұрын ойын арқылы жүзеге асыралады. Ойын — балалар үшін айналадағы танып, білу тәсілі» деп түсіндіреді.

Баланың қуанышы мен реніші ойында айқын көрінеді. Дидактикалық ойын кезіндегі баланың психологиялық ерекшелігі мынада: олар ойланады, эмоциялық әсері ұшқындалады, белсенділігі артады, ерік қасиеті, қиял елестері дамиды, мұның бәрі баланың шығармашылық қабілеті мен

дарынын ұштайды. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш жігерін жұмсап, сезімін білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді, сөздік қоры молайып, еркін, мағыналы сөйлеуге үйренеді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Амонашвили Ш.А. Размышления о гуманной педагогике. — М., 1996. — 136 с

2. Әлқожаева Н.С., Төлешова Ұ.Б. Жоғары мектептің оқу үрдісінде педагогикалық технологияларды қолдану (оқу-әдістемелік құралы) // «Қазақ университеті» Алматы-2009

Нұрғул ШЕҢГЕЛЬБАЕВА,
«№141 жалпы білім беретін мектеп»
КММ-нің физика пәні мұғалімі.
Алматы қаласы.



Организационно-правовые основы управления сельским хозяйством в Республике Казахстан

Аннотация: В представленной статье рассмотрены понятия организационно-правовых основ управления сельским хозяйством в Республике Казахстан, исследована нормативно правовая база регулирующая все аспекты сельского хозяйства в Республике Казахстан. Автором проанализированы и оценены результаты реализации Государственной политики в управлении сельским хозяйством, и на этой основе определены перспективные направления совершенствования нормативно-правового регулирования организации управления сельским хозяйством в Республике Казахстан.



Со времени выхода Казахстана на самостоятельный экономический путь развития, так же, как и в большинстве республик постсоветского пространства, развитие и реформирование аграрного сектора страны находится в компетенции специализированных государственных органов, которые имеют более широкие и реальные возможности для практического использования последних достижений науки и техники в данной отрасли.

Необходимо отметить, что данная важнейшая отрасль народного хозяйства страны с начала 90-х годов прошлого века испытала многочисленные трудности в своем развитии в следствие масштабных политических и социально-экономических деформаций в общем процессе глобальных изменений. Попытки формирования негосударственного сектора хозяйства, радикальное реформирование традиционных для советского периода аграрных хозяйств социалистического типа, трансформация способов и методов управления, устранение контрольно-административных механизмов руководства сектором на начальном этапе привели к негативным последствиям. Отсутствие положительного опыта в формировании рыночных отношений, форсированная передача в частные руки многочисленных составляющих комплекса народного хозяйства, в их числе, автомобильный и тракторный парк коллективных хозяйств, комплексы по хранению, переработке и транспортировке сельскохозяйственных продуктов и сырья, перерабатыва-

ющие предприятия, закрытие крупных центров научных по изучению проблем сельского хозяйства, использование зданий и сооружений отрасли не по назначению привели к затяжной депрессии аграрного сектора. Региональное связи огромного советского хозяйственного комплекса были прерваны, региональная специализация нарушена. Территориально-административные изменения усугубили негативную экономическую ситуацию. Принимаемые административные меры не привели к желаемым результатам. Глобальные политические изменения, приведшие к масштабным общественным трансформациям, поставили перед руководством республики задачи, связанные с необходимостью принятия прагматических экономических мер, особенно в сельском хозяйстве.

